

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мақта саласының мәселелері бойынша өзгерістер енгізу және "Мақта саласын дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы" 2021 жылғы 5 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 87-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мақта саласының мәселелері бойынша өзгерістер енгізу және "Мақта саласын дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы" 2021 жылғы 5 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және ай сайын, келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігін хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі тоқсанның қорытындысы бойынша ұсынылған ақпаратты жинақтап қорытсын және есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 5 мамырдағы
№ 87-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мақта саласының мәселелері бойынша өзгерістер енгізу және "Мақта саласын дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы" 2021 жылғы 5 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
-------	------------------------	----------------	-------------------------------------	-----------------	--

1	2	3	4	5	6

1.	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2021 жылғы наурыз	А. С. Сапаров
2.	"Халықаралық мақта жөніндегі консультативтік комитетпен ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 сәуірдегі № 316 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2021 жылғы наурыз	А. С. Сапаров
3.	"Мақта қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі жөніндегі қызметтер көрсету бойынша қызметті лицензиялауды жүзеге асыратын лицензиарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 990 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2021 жылғы наурыз	А. С. Сапаров
4.	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және олардың аумақтың органдарының атқарушылық құжаттарды орындау кезіндегі өзара іс-қимылының тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 202 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 29 наурыздағы № 140 бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бірлескен бұйрығы	Әділетмині, АШМ	2021 жылғы сәуір	Н.В. Пан, М. Ә. Оразаев
5.	"Астық нарығын реттеу, мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 259 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 63 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бірлескен бұйрығы	АШМ, ҰЭМ	2021 жылғы сәуір	А. С. Сапаров, Т. М. Жақсылықов
6.	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 маусымдағы № 221 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2021 жылғы сәуір	Н. С. Дайырбеков
7.	"Азаматтық-құқықтық саладағы соттық статистикалық есептердің нысандарын және оларды қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас	Қазақстан Республикасы	БП		

	Прокурорының 2017 жылғы 2 қарашадағы № 124 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Б а с Прокурорының бұйрығы		2021 жылғы сәуір	М . М . Ахметжанов
8.	"Электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 3 шілдедегі № 304 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығы	ЦДИАӨМ	2021 жылғы сәуір	А . М . Ахметжанов
9.	"Ақпараттық құралдар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 107 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы	ҰЭМ	2021 жылғы сәуір	Т . М . Жақсылықов
10	"Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 307 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы А у ы л шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2021 жылғы сәуір	А . С . Сапаров
11	"Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қ а р ж ы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2021 жылғы сәуір	Қ . Е . Баеділов
12	"Кредиторлар талаптары тізілімінің нысандарын, оны уақытша әкімшімен және уақытша басқарушымен қалыптастыру қағидалары мен мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 456 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қ а р ж ы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2021 жылғы сәуір	Қ . Е . Баеділов
13	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы А у ы л шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2021 жылғы сәуір	А . С . Сапаров

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ